



Респубикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



ШАМШИДИН  
АБДРАМАН

Фантастикатың шығармаларымен оқушысынан көз жаздырмай келе жатқан галым-жазушы биыл 75 жасқа аяқ басқан екен. «Әл-Мисақ», «Ақиқат формуласы» романдары және «Әл-Фарағи көпірі» гылыми фантастикалық әңгімелер жинағымен танылған қаламгер. Галым Ш.Абдраман Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ ұстаздық етеге жүріп, жасөспірімдерге арналған «Ақжанabyzdyq айтқандары» танымдық хикаят циклін жазып жүр.

Редакция бүгін сол циклдің бір тарауы «Теңеліс Тек» хикаятын журнал оқырмандарына ұсынып отыр.

# ТЕҢЕЛІС ТЕК

## (танымдық хикаят)

Талас аяқ астында басталды.

Бұған себеп Хан-Абылайдың достарымен Шымбұлақша шаңғы тебуге барудан бас тартып:

– Бізде ертеңнен бастап Наурызға даярлық басталады... Бұл жолы менсіз бара беріңдер деген уәжі болды.

– Қайда барсақта бәріміз бірге боламыз, бірімізден біріміз бөлінбейміз деген уәде қайда?

– Ерасыл бұртия қалды.

– Наурыз үшін бір жолға уәдеден тайсам қайтеді... – деп Хан Абылай өз дәлелін жайып салды, – Наурыз он екі айда бір келеді... биыл барыс жылы 22 наурыздан басталады емес пе?!

– Айтасың–ау, – деді Бағжан кірпияздана қалып, – Барыс қаңтардың бірінен басталып кетті ғой.

– Эжем айтқан–деп манадан үнсіз тұрған Қорлан сөзге араласты. –Әрбір мүшел жыл Наурыздың 22-нен басталады, Самарқанның көктасы да сол күні жібиді деп...

– Солайы солай ғой – деді үнсіздікті пайдаланып қалғысы келгендей Ерасыл Шымбұлақ сапарын болдырмайтын себепке өзінің жік жапар екендігін білдіргісі келгендей. Неменеге онда, желтоқсан басталысымен радио да, теледидар да Барыс жылы басталады деп, біз каникулға шықпай–ақ қақылдады. Мен де білемін, қазақтың жаңа жылы Наурыздан басталатынын.

– Расында да, кеше 12 ақпан күні Қытай қалаларында теледирдан айдаһардың небір қағаз тұлыштары қаптап кетті... Сонда олардың наурызы біздікінен бір ай бұрын басталады екен ғой... – деп сәл кілірді де – жапондар да, корей елінде де ақпанда жаңа жыл келді деп ғибадатханаларда 108 рет қонырау соғылады екен... – деп, Ерасыл

көңілінде жүрген жайттарды суыртақтап шығара бастады.

– Ал американцыңтар жыл аяғында «Ғайсаның туған күні» деп бір апта демалады, бір біріне сыйлықтар жасайды, – Корлан өз ойын ортаға салды, – Бізде пайғамбарымыз Мұхамедтің туған күнін мәulet дейміз, бірақ жаңа жыл емес қой ол!

Достар қызына сөйлесе тұрып, ертең жоспарлаған Шымбұлақ сапарын ұмытып та кетті. Олар бір бірін толық есімімен емес: Хан-Абылай деп жатпай – Хан, Ерасылды – Ер деп, Бағжанды – Жан дей тұрып сөз түйініне жете алмады.

– Хан деді әлдене есіне тұскендей Бағжан:

– Сенің атаң қазақтың әдетін жақсы билетін ғалым ғой... Наурызды білмейтіндер үшін Ғайса пайғамбардың туған күніне дейін жаңа жыл болмағаны ма, сұрайықшы...

– О, мына сауалдарың тек «Сандыбап сарайына» баруды қажет ететін мәселе екен – деп немересі Шәкірт-Ата атап кеткен атасы Хан-Абылайдың құрбыларына мейірлене қарады да:

– Мұның жауабына тек Абыз Аталарыңнан ғана қанаасындар, – деп қосып қойды.

Ғалым балаларға Абыз Атанаң мекен–жайын айта отырып:

– Ол Аталарыңа дайындықсыз баруға болмайды – деді де жастардың «неге дайындаламыз» деген сауалына:

– Қазақтың эпос–жырларын оқындар. Ертегілердегі аспантанымдық жайттарға көнді аударындар. Соларды Абыз Ата айтқандарымен сабактастыратындей болындар – дей келіп, ол сонау ықылым заманнан бері ғұмырын ашық

аспан астында өткөргөн қазақ халқының тіршілік-түрмисінде түйіндеген табиғат сырларын арқау еткен ертегілер мен әпсана жырларынан мысалдар келтірді.

- Соның бір мысалы қиялдан қыстырып өлеңмен де, қара сөзбен де құлағының құрышын қандыратын Тасшаның «Қырық өтірігі» дегендеге Корлан мырс етті. Судыр Тасшаның сөзінен танымдық дүниені таппайтындығын ашық айтты. Оны ана үшеуі де құптайтындағы сиңай танытқанда Шәкірт-Ата: Сендер әлі Тасшамен таныспаған екенсіндер ғой – деп әңгімесін соңғы мұз дәуірден бастады:

- Осыдан 40 мың жылдай бұрын Каспий теңізінен Қыыр Шығысқа қарай

созылып кететін ойпатты Терістік пен Гималаї, Тянь-Шань тауларынан тұскен тұз сенгірлері қоршауда қалдырған-ды. Жер шарының осынау ұлтарақтай өнірі бүгінгі қазақ жерінің денін құрайды. Барлық тіршілік атауы осы жерден бастау алды. Адам тас үнгірді паналады. Тастан қару жасады, аң аулады, етін азық етті, терісін лыпа етті. Бүгінгі төрт түліктің бірі Зенгі баба атанған сиырдан бастап, ешкі-қойды қолға үйретті. Пілдің тұп атасы жұндес мамонтты ор қазып, құлатып аңшылық құрды. Мұның бәрі сол заманда тасқа салынған суреттерден белгілі.

Ал, қараңғыны «тас қараңғы» деп, судың мұздайлығын да тасқа балау, қаттылықтың не бір атасын таспен мөлшерлеу тіліміздегі сақталған белгі-теңеулер сол дәуірдің айғағы дей келіп әңгімені «Қырық өтірікке» бұрды:

-Тасша есімінің түбірі сол «Тас» қой. Демек ол тасшы бала: тасты танитын дана бала. Егер «Асыл тастан, өнер жастан» болса Тасшаның «Қырық өтірігі» нағыз өнер. Естерінде болсын, өнер мен ғылым егіз – тегі бір. Аспан тану, Тас тану ғылымның басы. Кәне, еске алайықшы Абай бабаның мына сөзін: «Қара жер адамзатқа болған мекен, Қазына іші толған әртүрлі кен, Ішінде жүз мың түрлі асылы бар, Солардың ең артығы немене екен?» – Шәкірт-Ата отырғандарға қарады:

- Кәні сол асыл қандай кен. Бірақ ол алтын, күміс емес. – Жауап бола қоймады:

- Білмесендер біліндер: Ол – «Темір» деп ғалым сөзін жалғады: – Көп болған соң қазір темірдің қадірі жоқ сияқты, бірақ оның асыл қасиеті көп. Соның бірі магниттік қасиет. Темірден басқа тоқсан тоғыз түрлі химиялық элемент те өзіне тартатын қасиет бар ма... әрине жоқ.

Өзіне тартатын қасиеті бар темір мағаданын ғылымда магнит деп атайды. Арабша оны магнитис дейді. Бұл сөзді европалықтар өздерінің әдетінше гректерден шыгаруға тырысады. Тегінде бұл сонау ықылым заманнан келе жатқан халықаралық ежелгі түсінік. Түптеп келсек, бұл қазақтың Темір Қазық түсінігімен үндес болуы тажап емес, неге?

Себебі, егер құбыланаманың (компастиң) бағытымен жүріп отырсақ тұра Терістік полюсіне жеткенде оның тілі тік тұрап еді. Бұл магнит өрісі құйылатын нүкте. Ал Темірқазық сол солтүстік полюстің қақ төбесінен әсте орнын ауыстырып көрген емес, тапжылмайды. Бәлкім оның қазық делінуі және ең мықты темір мағаданына бала-малану сыры осында шығар – деп Шәкірт-Ата отырғандарды шолып өтті – Қазақ атам темірдің қасиеттеріне сонау ерте замандардан-ақ қанық болғандығынан хабардар етпейді ме бұл?!...

-Кәне естеріңе түсіріндерші; «Қырық өтірікте» Тасша бала бошалап кеткен ала биесін қалай тауып алып еді... Биесін іздеп ол тауға да шығады, таба алмайды. Қолындағы құрығын жерге қадап, соның басына да шығып қарайды, таба алмайды. Сонан соң тебен инесін жерге қадап соның үшінша шығады. Сонда ғана бошалап кеткен ала биесінің ала құлының емізіп Айдыңарғы жағында Шолпанның бергі жағында түрған жерін көреді емес пе? Сонда бұл не?

Магнит қасиетін білмегендеге әрине бұл шылғи өтірік, ал магнит қасиетімен таныс Тасшаның компасты пайдалануы нағыз ғылым.

Рас, «Қырық өтірікте» компасатауы жоқ. Тебен-инені «Күнбағыс» тілі деп түсіну керек. Ертеде магнит тілі осылай аталған. Арабша компастыбайт Ибра дейді. Байт-үй, қорап, Ибар-ине, тебен не болмаса оны күнбағыс деп атайды. Батыс елі компас деген сөзды осы атаудан шығыстан алған. Ал, өз кезегінде арабша табан-тебен аспан жолы-сабан жолы деген мағына береді.

Біріншісі, ал-Сабан-Құс жолы-Күн жолы, екіншісі: пішен, шөп. Осы екеуі де күздегі күн мен тұннің теңелісі, соған байланысты сабан тойды мензейді. Қазақтың «Ат байладым Абаққа» дегені де сол теңеліске келеді. Бұл Ай үйі Саратан (Қоян-Шаян) шок жұлдызының белдеуіне келуі. Мұны қазақ атам өз тіліне аударып; оттық деп алған. Айдың өз үйіне қонуын арабша – миғлаф дейді. Абақ пен миғлаф бір мағынада. Демек Сабан той дәуірінен қалған мирас ол. Ал Саратан шок жұлдызы астрономия тарихында белгілі белдеу.

Сол магнетит тасын қазып алып, темір қорытқан халықтардың алғашқылар қатарында, тіпті бірінші кім дегендеге ол біздің түркі халқы емес пе дегізетін дәлелдер жетіп артылады. Қазақта магнит тасты – тот деп атап оны қасиетті деп жан қалтасына салып жүру әдеті соның белгісі. Халқымыздың «Тотсыз – түрік болмас, бассыз – борік болмас» мәтелі осыдан шыққан. Демек жұлдызға Темір атауының берілуі жәй емес. – Шәкірт-Ата сәл үнсіз қалды: – Қазақша аталатын тағы қандай металдар бар – деп сәлден кейін қулана жымиды:

- Алтын, күміс, қалайы, мыс, мырыш... – балалар дабырласып жарыса сөйлеп кетті. Алюминий деген қазақша атау емес, Бағжан сынап деп

бесінші саусағын бұкті. Тағы... тағы... қорғасын, сегізінші темір.

—Міне,—деп желпініп қалды Шәкірт-Ата.—Заттың мәніне лайықты ат беру бабаларыңың ерте заманнан-ақ оны пайдасына жаратқандығының дәлелі. Яғни бұл — олардың тасты танып, кен қазғандығы, кеннен мағадан қорытатын пеш салғандығы. Сонау Қола дәуірінен бастау алатын мұндай жәдігерлер жерімізде көп, қазіргі кеніштердің бәрінен кездеседі, тіптен бабаларымыз тас қасиетін одан да бұрын Тас дәуірінде зерделей білген... Жебесінің ұшын темірмен атап, найзасына темір істік қадаған Тұран ерлері сәйгүлегімен құйындастып келіп тұтқылдан соғып Шығысты тітіреткен Қытайдың Хан патшасының зәре-құтын қашырып отырған ғой. Қазіргі кезде туристер тамашалайтын «Қытай қорғанын» салуға оларды мәжбүр еткен батыр бабаларыңың темірмен құрсанған көк найзасының қаһары осындай болған.

Металл қорыту бір бөлек, одан қару-жарак, әшекей бүйім жасай білу бір басқа. Өз заманында жоғары деңгейде болған Тұран ұсталарының бүйімы бүгінде дүниежүзіндегі мұражайлардың бәрінен кездесетіндігі және әсемдік жағынан Перғауын патшаларының мұліктерімен де теңесетіні сендер үшін зор мақтаныш болуға тиісті.

Ал, темірдің магниттен басқа да Тасша айтар қасиеттері көп. Бұл алысқа әкетер әңгіме. Әрі Абыз Аталарыңын ұнататын тақырыбы бұл, оны «Сандыбап Сарайынан» біле жатарсындар — деп ғалым орнынан тұрды...

Әшейінде тосын атауды естіген бойда елең ететін Хан-Абылай «Сандыбап Сарайы» дегенге онша мән берген жоқ. Ол оқыған бір кітаптан патша мұрагерін оқыту үшін Сандыбап деген дана арнайы сарай салдырғандығы есіне тұсті. Бірақ затының атына сай болмайтын жәйттардың көптігінен бе әдепкіде ол сарай атына сай жаңалыққа кезігермін деп ойлаған да жоқтын. Бірақ Абыз Атаның дәлізінен басталған оқиға шын мәнінде Хан-Абылайға «Сандыбап Сарайынан» ғажайып жұмбаққа кенелтетіндей әсер де беріп еді.

Хан-Абылай бастаған топ өздерін таңдандырап ғажайыптың ел ішінде Абыз Ата атанған ғұламаның табылдырығынан аттар алдында-ақ басталар деп ойламаған—ды!

Қаланың тау бөктеріндегі алма бағының төрінде орналасқан екі қабат үйдің дәлізіне келіп босағадағы белгі қонырау айырғыш ноқатына саусақтары тиер тиместен адамнан гөрі металдық реңіндегі дауыстың шартты белгіні сұрап сампылдай жөнелгенінде Хан-Абылай атасы айтқан сандардан жаңыла жаздал қалды.

Жауап көп күттірмеді, әлгі дауыс тағы да саңқ етті: «Дәліздегі қара мәрмар шаршыдан

шашау шықпағай» болды жауап. Іле ғайыптан пайда болғандай олардың үш жағынан қоршай көтерілген жылтыр жұмыр металдан жасалған құрсау кіндік тұсына жетіп тоқтады.

Оларға жұмбақ жәйтті ескерткендей болған мына құбылыс, кенет Хан-Абылайдың есіне сол кітапта ғылымның саласына арналған жеке-жеке қабырғалардан тұратын сарайдан тәлім алған патша мұрагерінің ғұлама болғандығы жайлі оқиға оралды. Кейін «Сандыбап Сарайында» тәрбие беретін даналық үйдің қабырғасы алтау болуы шарт дегенге саятын ұғымның енді шындыққа айналатынын сезінді ол.

Ханның есіне сол күні атасының інір қараңғылығы тұскенде аспандағы баданадай жарқырап жымың қаққан жұлдызды аспанға қарап тұрып: Жеті Қарақшыны тапшы дегені тұсті. Аспандағы трапедция тәрізді төрт бұрыш түзей орналасқан төрт жарық жұлдыздар тобынан шөміштің сабына ұқсас сәл иілгіш кескін бетін үш жарық жұлдыз тізбегін оңай тапқанды. «Анау көк шөміші, енді сол шөміштің маңдайындағы екі жұлдыз арқылы сығалап, тұзу жүргізші. Ол тұзуиң ана жарық жұлдызға барып тіреледі ғой. Темір Қазық осы. Жеті Қарақшы — сол Темір Қазықты айнала жүріп орын ауыстырып тұрады. Жылдың төрт мезгілінде төрт жерге ауысады. Шөміш басы бұрылыс жасайды. Осы себепті оны аспан сағаты деп те айтады».

Ертесіне атасынан естігенін Хан достарына айтты. Бәрі інірде аспанға барлай қарап Темір Қазықты тапты.

— Қазір көктем жақындасты, — деп Ерасыл жұлдызды аспанға қараған күйі қолын көкке созды: — Қарандаршы әне, көк шөміш оңға қарай ауысқан, сонда ол жаз кезінде Темір Қазықтың үстіне төңкеріледі... Тамаша!...

...Хан-Абылайдың ойын «дайындал» деген әлгі робот-дауыс бөліп жіберді. Бірер секунд өтер өтпестен өздерін қоршауға алған шаршы алаң зыр етіп төмен құлдилай жөнелді. Олар не болды деп бір біріне қарап үлгергенше Ай нұры тақілеттес аппақ сәулеге бөленген үлкен бөлменің ішінен бір-ақ шықты.

Кең бөлменің төрт қабырғасына және төбе мен еденінде салынған түрлі фигуralар әртүрлі әшекейлі суреттер, бейнелер олардың назарын бірден өзіне аударып әкетіп еді.

Әдепкіде бір біріне ұқсамайтын түрлі сурет-кескіндер төрт қабырғадан шығып бір түрі еденге жайылып, екіншісі үй төбесіне қалықтап шыққан тәрізді әсер берді оларға.

Сарайдың алты бетіне салынған кескіндерді тамашалай дабырласып тұрып олар бөлменің қарама қарсы төріндегі үстелге келіп орналасқан Абыз Атаны да, жағалай қойылған орындықтарды да байқамапты.

— Шырақтарым, төрлетіндер, — деген дауы-

стан селіт еткендей болған достар бірден тыйыла қалды. Мына үстел де, орындықтар да ғайыптан пайда болғандай. Олардың бір сәт сілейп тұрып қалуы да осыдан, тек Абыз Атаның:

— Отрындар, — деген сөзі ес жиғызғандай. Күмістей жалтырап алқымын жауып тұрған қарттың ақсақалына таңдана қараған күйі олар орындыққа жайғасты.


— Сендер туралы бүрнағы күні шәкіртім айтқан, — деді қарт мейірлі жүзін балаларға бұрып-Кәне танысып алайық алдымен... — деп шеткери орындыққа жайғасқан Хан-Абылайдан бастап олардың есімін түгел сұрап алды: — Бәрекелді ныспыларыңа сай зерделі болындар, балаға жақсы ат қою да жақсылықтың нышаны екендігі Құранда айтылған. Кәне, қандай сұрақтарың бар, нені білгілерін келеді, қысылмай айтындар.

Үнсіздікті тағы да Абыз Ата бұзды:

— Сендер сұрақтарыңды жұптап болғанша мен мына Сандыбап Сараймен таныстырайын ...Ол мейірімге толы қоңыр даусымен әңгімесін бастады: — Білу, білім, біліктілік — осының түбірі «біл» емес пе. Сандыбап дана адамның жан-дүниесін жадыратар барлық танымдық білімді «6» түрге бөліп үстаздық еткен. Сол алты тарамды ғылым мен

өнер білімді ол текшениң алты жағына салдырып шәкірттерін алдымен ортақ табиғи үйлесімдікті аңғартар танымдық тұтқасын ұстарат зандағылықты зерделетіпті, — деп Абыз өзіне бар ынтасымен ақтарыла қалған қонақтарына риза болды ма, желпіне сөйлеп кетті.

— Сол Сандыбап Сарайының мына жобасын мен қазақтың табиғи болмысына бейімдеп салдырдым. — Абыз Ата үсік саусағымен төбені нұсқады: — Төбе аспан шырақтары – астрономияға арналған. Мұнда 12 мүшел жұлдыз топтары, нақ ортада Темір Қазық, онан әрі Ай, Айқызы. Осы екеуінің төрт тұсында Шолпан, Арай, Шоңай Санжар белгілері салынды. Қазақта жеті қат көк, жеті аспан деген ұғымы Күнді қосқанда осылар болып табылады. Рас, бүгінгі ғылымда Күн жұлдыз, ал Жер планета, Ай жердің табиғи серігі, яғни Ай планета емес деп қарастырылады. Бірақ осы жеті аспан сонау ерте замандардан бері Жerde тұрып қарағанда үнемі орын ауыстырып тұратын қозғалысымен дараланатындығын байқаған аталарың оларды Саяқ атаған. Үйірге қосылмай саяқ жүретін жылқының бір тобы тақылеттес осынау аспан денелерінің Саяқ немесе Аттар атануы содан болса керек.



Ғаламның 6 жағы немесе  
Сандыбап сарайының текшелік  
моделі

Демек Жерді аспан денесі емес адамның мекен-жайы деп қарағандықтан, сірә бабаларымыздың Айды бірінші көкке – аспанға балауы да қате емес тәрізді. Осы жеті аспанның арабша, латынша аттары Ай-Луна, Шолпан-Зуһра-Венера, Айқызы-Гударат-Меркурий, Арай-Марих-Марс; Шоңай-Муштари-Юпитер (Зевс), Санжар-Зухыл-Сатурн атауымен сендерге таныс. Ешбір аспапсыз көзге көрінетін планеталар осылар. Сөйтіп Күннің ортада тұруы, онан бергі үш аспанға Айдан бастап атау беруі, ал Күннің арғы жағындағы көктерді Аймен сабактастырып арғы Ай-Арай және алыстанноқаттай болып көрінседе 6-көктің үлкендігін мойындал, үлкен Ай-Шоңай деп атау тағылған. Ай мен Күннің тіршіліктең орнына қарай халық астрономиясындағы түрлі түсініктерді туыннатқанын әңгіме барысында байқайсындар.

Енді едендегі таразы нені білдіреді, соған келейік: Бұл – әділдік, инсаф тенденциялық жолы. Бұғынғи занылық, әділеттік ауқымы ол.

Ал, мына төрт қабырғалардағы бейнекескіндерді талдар болсақ, бұларды ғылымның төрт негізі деу керек, – деп Абыз Ата сөзін жалғай берді:

– Алдымен сол бүйірдегі Адам және Ғалам деген ұғымға арналған тақырыптан бастайын, – Абыз Ата бетін сол тұсқа бұрып қырындағы отырды: – Адам және Ғалам, яғни бұл болмыстық алтын топшы занылығын адам денесіндегі әлеуеттік белгісін пешенелік ұғыммен сабактастырады. Адамның басы және екі жаққа созылған екі қолы мен арасы ашылған ана екі аяқтардың ұшында аспаншырақтарының белгісін және жоғары бұрышқа таман жаңа белгі қойдық. Бұл соңғы кезде Халқаралық ЮНЕСКО қоғамының қабылдаған «Адам және биосфера» – өмір әлемінің рәмізі. Мұның мәні оның астындағы «маб» үш әріпке түйілген: м-мен, а-ана, б-биосфера, сонда адам тіршілігі-биосфера, ал үстінде тұрған шенбер мен крещті қанжар сабы – ертедегі Мысырдың «анх» – «өмір» деген белгісін береді. Ол Күн сәулесі жерге жетіп, өмір нәрін береді-өсіреді деген түсінікке келеді. Осы бейнелер алдымен патшалар тәжіне, кейін крещ түрінде тарихи белгіге айналды. Осы «анх» белгісі астрономияда Күнге ең таяу Айқыз (Гутарад)-Гермес-Меркурий белгісі, ал алхимияда ол сынап белгісі, яғни металдар анасының таңбасы. Біздің қазақ халқында және басқа да аталас елдерде осы анх ұру таңбалары түрінде көп тараған. Мысалы: Алаша, Албан, Ботпай, Сиқым, Табын,

Арғын, Садыр атты руларының таңбасы осыған негізделген. Осы таңба қазақтың руналық жазу – Орхон жазуынан да, «Қой қырылған» растаханасында да кездеседі.

Бұл көне дәуір мұраларының ұлттық құндылықтарымызben өзектестік дәлелі. Екінші жағынан осы таңбалардың шығуын сендер астрономия-астрология және алхимия тәрізді көне ғылымдармен сабактастыра қазаққа тәнпі танымдықты биікке көтерер мазмұндық белгілер деп бағаландар.

Өздерінде байқаған шығарсындар, сарайдың ана беті дәрігерлік ғылымға бағышталған. Мұндағы жыланның уын жиған табақшаның жоғары жағында салынған ара омарласы, балдың шипалық қасиетімен қатар ғимарат салудағы оның шеберлік деңгейін дәріптеу. Бұл «Мың бір түнде» – «Эвклид геометрияны арадан үйренсін» дегенге саяды.

Ал одан кейінгі анау, сендердің он жағындағы қабырға музыкаға арналған. Мұнда үш түрлі белгі-бейне салынған: Жоғарыда халқымыздың тарихи музыкалық асбабы қобыз, онан бергісі екі аяқ өпіз арба-өгізарфа. Мұның шегі 12 мүшел санына тең, қос дөңгелектің шабактары 6-дан Өгізханның Қаңлы ісмері жасаған арбаны мензейді. Мұнан төменірек Эл-Фараби бабаның «Тоғыз шекті домбырасы» – даф-лютия салынған. Мағжан ақынның «Түркістан» поэмасында: «Түріктің кім кемітер музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын» деген жолдар осыған келеді.

Егер – деп өзін өзі пысықтағандай Абыз Ата отырғандарды шолып өтті де: – Жасы екі мыңнан асатын тастағы домбыра кескіні және оны қоршай жүріп, саз сарынына елтіген адам кескіндерін ескерсек, барлық музыкалық асбаптардың бастауы екі шекті домбыра шығар дегенге саяды. Ал, бұғынғы 7 музыкалық нотаның математикалық негізін берген ұлы бабаларың Әл-Фарабидің 12 дәптерден (кітаптан) тұратын «Музыканың ұлы кітабының» өзі баға жетпес рухани байлық емес пе?!

Енді геометрияға арналған шаршы бетқабырға келейік, – деп Абыз Ата жүзін онға бұрды. – Мұнда барлық ғаламды құраушы бес тектің геометриялық бейнелері – рәміздері салынған.

Олар: ежелден белгіленген дұрыс көп жақтылар: от, жел, су, жер және жұлдыз күйіндегі плазмалық заттардың рәміздері.

Осы геометриялық тектер өзара байланысты. Оларды мүше негізінде үш түрге бөлуге болады-1). жазық беті-жак (Ж); 2). сыйық-қыр-қабырға (К); 3). ноқат-төбе (Т)-деп барып Абыз

алдындағы пульттегі қажет ноқатты басып еді экранға Ж+Т=К+2 жазуы пайда болды. Мұндай тендіктің теңелісі 2, бұл табиғаттың жұптығын билдіреді. Міне, бұлардың құрылымдық заңдылығында ең орнықтысы жер тегі текше екенін аңғару қын емес. Сондықтан да оған қойылған Ай орағы Ай басы – ғылым басы дегенді аңғартады.

- Сонда ғылымның бәрі Айды танудан басталады ма? - Ерасыл күбір етті. Бірақ ешкім естімеді оны. Достары Абыз Атаның айтқанын қалт жібермей ұғып алмақшы.

- ...Сандыбап Сарайының ғылыми құрылымын қарастырғанда біз алдымен Әл-Фараби бағаларының ілімін негізге алдық...

...Бағаларының ғадалатты инсаф қағидасынан бастап, барлық фазилатты ғылымдарын бейнелеуге тырыстық. Сонымен Сандыбап Сарайы Әл-Фараби бойынша нақышталды – деп барып Абыз Ата қабыргалардағы бейне суреттерді шолып өтті: Ерасыл тағы да күбір етті: «Фараби Сарайы» десе болмайды ма мұны...

- Өздерің көріп отырсындар, сарай беттері - қабыргалары төбесі мен еденін қосқанда бжақ. Алты сөзі арабша «сәт» делінеді. Егер АБЖД-қа салсақ ол 460-қа тең болады екен. Бұл пешене-бес ене саны, яғни  $92^*5$ . Құранда Ғаламды Алла Тағала 6 күнде жаратты, содан кейін Ғарышқа кірісті деген аят бар.

Ерасыл тағы да Хан-Абылайды бүйірден түртіп қалып: «АБЖД» – деген не? – деп еді, Хан өзім де білмеймін дегендей иғын қиқаң еткізді. Қорлан мен Бағжандар да ол не дегендей жалтақтай берді. Тыңдаушыларының қобалжи бастағанын Абыз қарт та сезді, бірақ ойын түйіндегі келгендей – Осы Сандыбап Сарайының қақпасы темірден жасалған – Мұны Арыстан бап дейік. Сол «Арыстан бап» сөзінің өзінде темірдің Кемілдік саны  $26^*10$  тұрған жоқ па? Анау, 26 – темірдің электрон саны, АБЖД саны 10, әрі 10 – кеміл саны – Аспан саны. Оның мәнісі мынау: Арыстан арабша – Асад, ол Күннің үйі. Ал Күн болса мүшел есебінде 4 қат көк, төрт АБЖД есебі бойынша «Баба-жа» – екі де екі төрт деген сөз.

- Сендер АБЖД есебін білмейтін бе едіңдер? – деді Абыз Ата бағалардың абыржып қалған себебін аңғарып, сосын ол Хан-Абылайға қарады – Атаңа сәлем айт, сендерге абжадтан сабак берсін... деді де сөзін жалғай берді.

- Қалай болғанда да Күннің үйі Асад 5-жүлдыз, айы Ұлу мүшел жылы болып келетіндігін есте ұстандар... Бүгінге осы – деп Абыз Ата орнынан тұрды.

Ойға шомған төрт дос манағы шаршы үстіне келіп тұрды. Аппак ай сәулелі жарыққа малынған бөлмеде өздерінен басқа ешкімнің жоқтығын енді байқады. Абыз отырған үстел де, әлгіндегі өздерінің орындықтары да көрінбейді, ғайып болған. Нағыз фантастикалық кино көрінісіндей. Біреу айтса сенгісіз, өздері куә болған мына ғажайыпқа елітті ме, әлде Абыз Аталарының әңгімесінің әсерінен бе олар біраз жерге барғанша бір біріне тіл қатпады. Бір жағынан Хан-Абылайдың өз атасына өкпесі де жоқ еместін. «Ертегілерді оқы дегенше абжадты үйретсейші». Басқалардың да Шәкірт-Атаға деген өкпесі аз еместін.

- АБЖД-қа келетін болсақ ол бірер әңгімемен меңгерілер ілім емес. Сендер алдымен оның негізін біліңдер, игеру алдағы істерің сол, – деп ол өзін қаумалай қалған жеткіншектерге істің мән жайына қысқаша тоқталып өтті:

- Осы жарық дүниедегі нәрселердің бәрінің де заттық мәні және сандық санаты бар. Біз қазір көбіне оларды заттық мәніне қарап бағалаймыз. Егер олардың заттық мәні мен сандық санаты үйлесіп жатса ағаттыққа ұрына қоймас едік... Араб қарпының саны 28. Сол 28 әріптің әр қайсысына меншіктелген өзіне тәнті сандық мәні бар. Мысалы, А-1 болса ең соңғы 28-әріптің сандық мәні 1000. Демек, араб мәдениетіне тәнті әлемдік әдебиеттің алтын қоры неге «Мың бір тұн» аталған, яғни ол мың және бір тұнға оқиғасы ғой. Міне Абжадтың мән-мағынасын осыдан да аңғаруға болар еді... АБЖД есебінде сол 28 әріпті 8 топқа жіктейді – деп Шәкірт – Ата қолында шиыршықталған қағазын жәйді – Міне I топты АБЖД дейді мұнда – 4 әріп, II АУУАЗ-ға 3 әріп, III ХҰТТИ-да 3 әріп; IV КАЛАМАН-ға 4 әріп; V САҒФАС-да 4 әріптен; VI ҚАРАШАТ-та да 4 әріп; VII САХХАЗ-ға 3 әріп; VIII ЗАЗАҒ-қа 3 әріп кіреді. Ал бұлардың сандық мәні мына суреттегідеи: алғашқы он әрпінің саны 1–10 аралығында, келесі 8 әріптер 20, 30... болып 90-ға дейін белгіленеді, үшінші – ақырғы он әріп саны 100, 200... тәрізді 1000-ға дейінгі сандармен санатталады.

Енді АБЖД есебінің атауы нені көрсетеді. Ол әліпбидің алғашқы 4 әрпінен туындаған. Олардың реттік сандарын А-1, Б-2, Ж-3, Д-4 – АБЖД, ал сан жиынтығы 10-ды береді. Он-Кеміл саны – аспан саны делініп оған ерекше санаттық мән берілген. Себебі бұдан кейінгі сандар осыларды қайталайды емес пе?!

Осы ретте қазақтың «Он дегенім оймак,

онбір қара жұмбақ» деуі осы абжадтың мән-мағынасын толықтыра түседі дер едім,- деп Шәкір-ата жас достарына қарады. Эйтпесе бір дегенім білеу, екі дегенім егеу деп басталып, он дегенім оймақ деп аяқтала тұрсада жұмбақ неге «Он бір қара» аталады қане қайыссың айтасыңдар?.... Бұл жерде сандық қатарға нөл саны қосылып тұр емес пе?!

Ал бүгінгі Еуропа ғылымына нөлді сан санатында алғаш енгізген бабаларыңың бірі Хорезмдік ұлы математик Мұхамед Мұсаұлы екендігін ұмытпаңдар. Бәлкім сол бабаларыңың бала кезінде нөлдің де санаттығын он бір қара жұмбаққа балаған әжесі емес дей аламыз ба?! Міне, бұл Тұранелі жұмбағының өзінде қаншамағылым жатқандығының күесі.

## АБЖАД – ПАЙҒАМБАРЛАР ЕСЕБІ

1 - АБЖАД				2 - АУУАЗ				3 - ХҰТТИ				4 - КАЛАМАН			
ا	ب	ج	د	ه	و	ز	ح	ط	ى	ك	ل	م	ن		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	20	30	40	50		
А	Б	Ж	Д	һ	у	з	Х	Т	И	К	Л	М	Н		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14		
5 - САҒФАС				6 - ҚАРАШАТ				7- САХХАЗ				8 - ЗАЗАҒ			
س	ع	ف	ص	ق	ر	ش	ت	ث	خ	ذ	ض	ظ	غ		
60	70	80	90	100	200	300	400	500	600	700	800	900	1000		
С	Ғ	Ф	С	Қ	Р	Ш	Т	С	Х	З	Д	З	Ғ		
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28		

Бұның бір жауабын «қара» деген сөзден де аңғаруға болар еді, – деп жалғады ойын Шәкір-Ата. Осы сөздің етістіктік мәнін ескермегенде түйедей тұрпатты болмаса да ірі қара деп сиырды даралау себебіміз неде? Менімше ол адами тіршілікте сиырдың атқарған рөлі ерекше болғандығынан ба деймін. Мүшел жылдың да, Зоодиак жануарларының да, тіпті Құран сүрелерінің өркеші де екінші Сиыр (Бахара) сүресі ғой. «Қара шаңырақ» десек ол киелікті анықтайды, «қарасын бол» – қамқорлық мағынадағы сөз. Міне, жұмбақта «қара» сын есім мен етістіктің зат есімге айналуы және Ай саны нөлдің Айды абжадқа салғанда ( $a=1$ ,  $й=10$ ) 11 болуы тегін емес. Мысалы нөл белгісі дөңгелек Айдың белгісі – аспанды елестеді. Тіптен «айналайын» делінетін тебіреністің өзі де Айды мезгейді емес пе, ә? АБЖД-пайғамбарлар есебі деп Абыз Атаның үнемі қайталап отыратыны тегін емес. Бұған мысал ретінде сендерге Абыз Аталарыңың анықтаған темірдің мына абжадтық қасиетін айтып берейін.

Құран сүрелері 114. Кітаптың қак ортасында 57 сүре «әл-Хадид» тұр, Хадид-арабша

темір. Мұның абжадтық мәні:  $х=8$ ,  $д=4$ ,  $и=10$ ,  $ә=4$ , жиынтығы 26.

Ерасыл өзіне тән байқағыштығына салып «а» – ше деп қалды. Шәкір Ата: темір арабша айтылғандағы «а» әрпінің түсіп қалатындығын айта келіп сөзін былай түйіндеді: Бұл темірдің 26 электрон саны. Бұл бір. Екіншіден темірдің атомдық торының текше тақылеттілігі оны ең мықты элемент атандырады. Демек, текшеде 6 бет (жак), 12 қыр, 8 төбе бар – қоссақ ол да 26. Үшіншіден жұлдыз плазма сұып атом түзгенде темірге келіп тоқырайды. Мұның дәлелі сөнген жұлдыздардан бөлінген метеорит тәрізді аспан денелеріндегі темір осыдан, соның бірі-Жердің кіндігінде темірдің шоғырлануы.

Абыз Аталарыңың «әл-Хадидты» абжадтық талдауында – оның Қасиетті Құранның қак ортасындағы орны жүрек сүресі екендігін дәлелі. Бұның сыры темірдің тыныс (демалыс) металы болуында.

Қанға қызыл тұс беретін құрамды қазір ғылымда «гемоглобин» дейді, арабша һимуғлубин. Бұл атау екі сөздің түбірінен тұрады: грекше ήγιμα-қан, латынша – глобус-шартамшы мағынасында. Гемоглобиннің дәл орта-

сында (өзегінде), темір атомы, төрт жағынан әр қайсысы екі-екіден қоршаған 4 азот атомдарына екі-екіден тіркелген көміртегі бар. Оナン әрі бұларға көмірлі сутек қосындылары жалғасады.

Осылайша адамның тыныс ағзасы өкпеден ая өткен кезде геологобин ая ішіндегі оттегіне тез қосылады да оны қантамырлары арқылы денеге таратады. Оттегінің денеге жайып тасымалдаушы-тыныс тетігі темір. Демек гемоглобин демалыстың басты тетігі. Сол себепті темірді демалыс металы деуге де болады. Грекше «тем» қазақша дем сөздері аталас болуы да ғажап емес... ә... Міне темірдің жүрек сүресі болуының ендігі бір дәйегі осында. Бұған қоса бүкіл түркі жұртының қара шаңырағына ие қазақтың жұлдыздарғаламы Галактиканың-Құс жолының айналыс орталығын жұлдызын Темір Қазық атауымен баламалауы ұлттымыздың тектілік бәйтерегін дәлелдей түседі. Осыдан келіп Абыз Атаарының Эл-Фараби бабасының мына бір ауыз өлеңін жіңі айтып отыруында үлкен мән бар: «Сан берген сана берген, санат берген, Инсан деп саналыға ол ат берген, Жаратып жалғыз нұрдан барша әлемді, Жауһари нұр сәулесін тарат деген...»

Мұны жаттап алындар, абжад есебін өз ілімінде шебер пайдаланған ұлы бабаларың адам санаусы мен жетіліп, адами санатқа көтерілді деп отырған жоқ па?!

Былай шыға Хан Ерасылға қарап: Абыз Атаның Сандыбап Сарайының мәніне енді түсіндім. -Арыстан бап сыйқты Санды-бап «Санның...сананың...қақпасы» деп сөзді буын-буынға бөлді. «Сан...сана» деп қайталаған үшеуі жарыса санаттығы ерекше болады-ау деген сандарды түгелдей бастады: 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, үш тоғыз = 27, 40, 41, тағы қандай сан тізбегі бар... әрине жүз, мың санатын білсе шіркін... Осындағы күде олар Абыз Атаға баруға асыққан-ды.

\* \* \*

Олар келіскең уақытта Абыз Атаның дәлізіне жиналды. Сол қара мәрмар шаршы, сол қонырау, сол металл үнді үн. Зыр етіп сарайдан бір ақ шықты.

-Бәрекелді, балаларым, сұрақтарың сан қылыш бола тұрса да бұған жауапты қазақтың мүшел есебінен табуға болар-деп Абыз Ата тамағын кеп алғып, тағы бір хикаятын бастап кетті.

-Мүшел деген қандай ұфым? – деді Абыз қарт сөзіне ерекше екпін бере –Әр заттың мүшесін, бөлшектерін айыру, былайша айтқанда барлық ғаламның мүшелерден тұратындығын, бөлшектік құрамы мен құрылымын білдірсе ке-

рек. Ал қазақтың мүшелдік есебі алдымен уақыт өлшеуі оның жіктелуі, яғни: Күннің, Айдың-жылдың есебін айыру деп қараңдар. Себебі барлық мүшелердің, өлшеудің үлгісі мен бастауы уақыттың өлшемі де – жыл есебінде. Мұның бәрі – сөзбен, таңбалармен, әріптермен және сандармен іске асырылады.

Мысалы, Шығыс елдерінде, соның бірі қазақтың да 60 жылдық мүшел 19 жылдық дәуір күнтізбесі бар. Қазақтың 12 жылдық мүшелі 12 айлық есеппен түйінделеді. Бұдан басқа қазақта 7 қат көк деген ұфым бар екендігін сендер білесіндер-деп Абыз қарт саусағын бүге отырып аспан атауларын тізіп шықты.

Алланың кітабындағы (9 және 15 сүрелер) есептен жаңылмас үшін айлардың санын 12 етіп берілгені және пайғамбарымызға «Қайталаушы жетіні және ұлы Құран берілді» деуі, 7 қат көк адам баласына арналғандығында-деп қарттыңдаушысына сұрақ бере отырып, әңгімеге араластырып, жалықтырмайтын әдісіне көшті.

-Мүшел жануарларын білетін шығарсындар. Кәне жыл басынан бастаңдаршы:

-Жыл басы Тышқан-деді, олар жарыса: сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит және доңыз ...

-Бәрекелді... байқаймын сендердің жыл ішіндегі 12 айдың орысша-қазақша аттарын жаңылмайтаалатындарыңа құмәнданбаймын. Айдың арабша да аттары бар. Мүшел есебіне барғанда мұны да білгендерің абзal.

-Абыз Ата аз-кем үнсіздіктен кейін әңгімені жана арнаға бастайтын сандарды теріп кетті.

-Жалпы уақыт өлшемі: жылнама, күнтізбе жайлі әңгіме болғанда жиі қолданылатын сандар бар, олар 60 және 12 мен 7-ні қоссаң 19. Бұған 6 мен 4 те жатады: «төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауылдағы кетеді»-мәтелі тегін айтылмаған. 12 сағаттан тәуліктің тұн мен күнгі уақыты жіктеледі, әр сағаттың 60 минуттық, әр минуттің 60-секундтық бөлшегі, шеңбер саны 60 пен 6 көбейтіндісі 360 қадам-градусқа бөлінетіндігін де білесіндер. 5-тің-пешене саны-ғаламның 5 түрі мен 12-нің көбейтіндісі ( $12 \times 5 = 60$ ), 12 мүшел мен 7 қат көктің қосындысы әлгінде айтылған 60 жылдың 19 дәуірлік қазақ күнтізбесінің қаңқасын құрайтын сандар сонау ерте заманнан бергі адамзаттың уақыт таразысының өлшемдік сандары болып қалыптасқан.


Егер уақыт өлшемі-күнтізбе аспан шырақтарының-жұлдыздар мен планеталардың орнын байқаудан туында-са, бұл жөнінен қазақтың мүшел есебінің де ғылыми негізі шүбә келтірмейді. Мәселен, қазақта жеті қараңғыда 7 қарақшыны тапсаң

адаспайсың дей тұра «Аспанда Ай болмаса адасасың» деп әнге қосуы уақыт есебіндегі қайшылық емес, бұлардың шынайы гылыми негізін білгендігінің айғагы. Мәселен, 7 қарақшы арқылы орнын ауыстырмайтын Темір Қазыққа қарап бағыт алу болса, Айсыз жыл есебінен жаңылатындығымызды еске салу.

— Анау экранға қарандаршы—деді Абыз—Ата пульттің бір ноқатын басып—қабырғадағы он екі кіші дөңгелектер тізілген үлкен шеңбер кескінін нұсқады.

— Бұдан сендер әлгінде айтқан 12 мүшел және 12 айлық есептен 7 қаттың байланысын табасындар. Оны бата жасағанда жәйулы қос алақан аясымен де байланыстыруға болады— Абыз қарт жас достарына қарай екі қолын жайды:— «Жаңа Ай жарылқа, ескі Аиесірке» деп қекке қол жәйғанда да, дастархан батасын жасағанда да, әсте Алланың айтылмай қалғанын көрдің дер ме, әрине жоқ. Ол осы жайылған екі қолдың он саусағынан 12 мүшелдің жұлдыздарымен 7 қат көктердің байланысы. Бата бергенде қос қол алақанын жаю себебі осы.

*Он екі мүшел — Он саусақ*



Бес саусақ бес көктің онды—солды болып, яғни олардың мүшел жұлдыздарының күндік және түндік тұрағын—аялдамасын мезгейді. —Абыз Ата балаларға қарап қулана құлді—Аспан 7 қат емес пе, олар қалайша бес саусаққа сияды, екеуін қалай жоғалтып алдық?... Аңдап қарасандар бұл жерде 7-еуі де бар, мынаған қарандаршы ...бәрі өзорныңда тұрған жоқ—па?!— деп ол екі алақаның жайып экранды мезгеді—әне, санандаршы 7 аспан түгелденді ғой...

Экранда үлкен шеңберде тізілген 10 мүшел жұлдыздар белгісі таңбаланған кіші дөңгелектер үзік сзықтармен кезіккен Абыз Атаның салалы он саусақтары және Ай мен Күн таңбасы салынған екі білек айқын көрініп тұрды. Шеңбер астында пайда бола қалған мүшел мен көктер тізімінің әр қайсысында шеңбер бойындағы кіші дөңгелектер ішіндегі таңбалар беріліпті.

— Суретте мүшел аттары Орхон таңбаларымен берілген, ал 7 қат көк таңбалары Халықаралық десе де болғандай, тек мұндағы айырма ұлы бағаларымыз Әл-Фараби мен Әл-Беруни еңбектеріндегі тұпнұсқа белгіні келтіргенімде. Оның арабша аттары: 1-Ай-Хамар, 4-Күн-Шамси, 5-Арай-Марих, 2-Айқыз-Ғутарад, 3-Шолпан-Зуһра, 6-Шоңай-Муштари, 7-Санжар-Зухал... Хан-Абылай дереу қалта телефонын ала салып кескінді суретке түсіріп алды. Мұны электр толқын әсерінен экранның ұсақ айғыз сзықтарға толып кеткенін білдіме, Абыз-Ата: — Дұрыстап түсіріп ал, үйде зерделеуге қажет деп қоштады да: — Қазір 60 жылдың күнтізбе кестесін берем—деп бір парап қағазды Ханға ұсынды: құрбыларынан жасына қарап мүшел жылын анықтайтын бол!

Енді шеңберге қарандаршы. Оң білек Ай таңбасы. Ол 1—аспан, 4—мүшел Коян. Ертедегі ереже бойынша Айдың үйі (тақтасы) Коян. Ол арабша Ай—жұлдыз тобындағы — ал—Саратан (Шаян) болып табылады. Осы секілді сол білекте Күн тұр. Бұл 4—аспан. Мұның үйі—5—мүшел Ұлу (арабша Асад—Арыстан). Онекі мүшел жұлдыздың қалғаны онекісі қолдың 10 саусағына сәйкес. Өйткені 5 саусақ онды—солды екі үйден орын алған. Сонда 2—аспан Айқыз—бас бармақ, үйлері: 3—мүшел Барс (Жауза—Егіз); 6—мүшел Жылан (Сұмбіле—Бикеш). 3—аспан Шолпан—сұқ саусақ, үйлері: 2—мүшел Сиыр (Саур—Бұқа). 7—мүшел Жылқы (Мизан—Таразы). 5—аспан Арай—ортанғы саусақ, үйлері: 1—мүшел Тышқан (Хамал—Қошқар), 8—мүшел Қой (Ғақраб—Бүйі). 6—аспан Шоңай—атжоқ саусақ, үйлері: 9—мүшел Мешін (Қаус—Мерген). 12—мүшел Доңыз (Хут—Балық); 7—аспан Санжар—шынашак, үйлері: 10—мүшел Тауық (Жади—Серке); 11—мүшел Ит(Далу—Көнек).

1	♂	Тышқан
2	♀	Сыр
3	♂	Барс—
4	♀	Коян
5	>	Чыл
6	♂	Эсилон

7	D	Жылқы
8	л	Қооб
9	♂	Мешін
10	♂	Тауық
11	♂	Ит
12	♂	Доңыз

Көктегер

1	♂	Ай
2	♀	Айқыз
3	♀	Шолпан
4	*	Күн
5	♂	Арай
6	♂	Шоңай
7	♂	Санжар

Колындағы дәптерлеріне әлденені түртіп қойып отырған Қорлан мен Бағжан басын көтергенде Абыз-Ата:

- Сендерге қазақтың аспан-орман жұмбағын енді айтуға болады, шешуі қын емес – деп қарт тақпактап кетті: «Екі емен, жеті терек, алты қайың, Басында жапырағы бәрі дайын. Бір шынар, үш қарағай, бір жалғыз тал – Баршасын айта беріп не қылайын»

Балалар жауабын күттірген жоқ, бәрі жарыса сөйлем дабырлап кетті:

- Екі емен-Күн мен Ай, жеті терек-Жеті Қарақшы, Алты қайың-деді Қорлан бөгеліп қалған достарына ой тастап –Үркөр шығар...

- Онда Шынар-ана ортада түрған Темір Қазық қой. Сосын...үш қарағай-деді Ерасыл – меніңше Таразы-Мизам жұлдызы... онда жалғыз тал әрине Шолпан болар-деп Хан Абылай да қосылды.

- Бәрекелді... Енді біз 60 жылдық күнтізбе есебін бастай аламыз – деп желпініп қалды Абыз қарт. Жас достарының үшқыр ойына ријасыз ризалығын білдірді. –Бір сөзben айтқанда 12 жылдық мүшелдерін 5 саусақпен бейнелеу қазақтың 60 жылдық (12\*5) күнтізбесін әлгінде Хан-Абылай балама берген мына кестедегідей түрде қарастыруға болады. Мен мұны 60-жылдық «Табиғи мүшел» деп атадым. –Абыз Ата экрандағы шенберді кестемен ауыстырыда Хан-Абылайға қарады. Егер құрбыларынның жасын білсең оның мүшел атын айыруға, керінше туған жылы белгілі болса жасын айырғанда «Б» реттік бөліміне сүйен. Ол үшін адамның жасын 12-ге бөліп қалдығын алу керек. Сол қалдық «Б» бағандағы сан болып табылады. Мысалы ағаларынның жасы 41 болса  $41=36+5$ , яғни 5 қалдық тұсында Сиыр, аспаны-Санжар. Егер жасы 48 болса, оның жылы Мешін, аспаны Шолпан, өйткені 48 жас 12-ге қалдықсыз өтінеді-қалдық – 0.

Кестенің үстіндегі 5 аспан (көк) онды-солды, немесе күндік-түндік, әйтпесе тақ-жұп болып екіден бөлінген. Сөйтіп олар аспандық 10 тек кәміл санын құрайды. Олардың астрономиялық атаулары қазақша, арабша тік бағанда ал, көлденең бағытта көктің қытайша заттық мәнін иероглафтан алып жазылды, бұл жерде біздің мүшелге мағыналас келетін аттары ғана алынды. Мысалы: 1. Цз-үй, 2. И-көз, 3. Бин-от, 4. Дин-ошақ, 5. У-тек, 6. Цзи-бу, 7. Гэн-айыл, 8. Син-жан, 9. Жэн-адам, 10. Чуи-бас.

Сонымен қатар мына кестеде мүшел атаулары мен сандарды пайдалану реті көрсетілген. Әрбір жыл екі атаумен беріледі. Оның алғашқы (A) реті: мүшелдік жыл атауы, екіншісі аспан атасы. Мысалы Ұлу-Шолпан 17. Бұл жылы Ұлу,

аспаны Шолпан болған адамның жасы. Барыс-Айқыз 39, 39 жастағы адамның жылы Барыс аспаны Айқыз, т.с.с. Ал жасы 60 тан асқандағы адамның жылын табу үшін одан 60 алынып, айырмасы бойынша, яғни қалғанын кестеден айыру керек. Мысалы адам жасы 82, онан 60 алғанда 22 болады. Бұл кесте бойынша ол Тауық жылы туған, көгі Шоңай.

Өз кезегінде жыл есебі Айдан басталатыны белгілі. Ол тоғыс мағанасында-жаңа туған Ай орағы Үркөрмен қарама қарсы келеді. Бұл Наурыз: «Екі батыр соғысты, Үркөр мен Айдай тоғысты» сол Наурызда болатын құбылыс. Наурыз Айдың жылы Қоян, жұлдызы (Сары Атан-Шаян), мүшел реті 4 дедік әлгінде.

Енді кестенің төбесінде түрған 5 көкті қарастырайық, бұл жерде бес көкті–(бес текті), яғни олардың жерге түсіретін жұлдыз нұрын – үйсан деп қарастырайық.

Бұл түсінік біздің түркі нәсілдес халықтардан шығып, Қытай тағы басқа Шығыс елдеріне тарағандығына екжей-текжейлі тоқталуға уақыт тар. Мысалы, Қытайша у-син аспандық тек мағына береді. Егер үй дегенді мүшел жұлдыздар мағынасында алсаңдар, сонда ол 7 қат көктің аялдама үйлері– ат байлайтын абақ болып шығады. Тегінде көк-үй-үйсін, бишкек-піспек деген сөздер бескөк мәніне байланысты деп біліңдер.

Өйткені осы «Табиғи мүшел» кестесіндегі 5 тек (пешене–бес ана) түрған орындарында зор мағына жатыр. Олардың астрономиялық және алхимиялық мәнінде орналасуы соның дәлелі, ол орналасу реті мынау: 6-5-7-3-2.

Байқайсындар ма, ең шеткі 7- аспан Санжар ортада, он жағында Айдың өзіне таяу екі сіңлілері 3-Шолпан мен 2-Айқыз бұның он жағында. Ана суретте де он білек-Ай, осыдан келіп берген батада «Айың тусын оңынан» деген тілек айтылады. Демек көк пен кәмілет 10 сандарының қосындысының әлгінде айтқан 17 тамаша сырлы сан екендігін куәландырады. Себебі бұл Күннің үясы-Ұлу мен Шолпанның кездескен саны, себебі Шолпан Күннің хабаршысы таң алдында туады Күн шықса ғаламға Нұр шашылады. Шолпанның таң алдында тууы осындағы қуаныш сүйінші саналады. Жыл басы болуға таласушылардың осы сәулені бұрын көруге тырысатындығы осыдан. Абыз Ата аз кем үнсіздікten соң балаларға қарап:

- Сендердің ендігі бір сұрақтарың жыл басы жайында еді ғой. Жаңа жыл басы неге тұрақты емес, әртүрлі болып келеді, солай ғой.

Халық аңызында «Бойына сеніп түйе жылдан құр қалды» дегенді, біріншіден жаңа жылдың келер уақытының тұрақты еместігінен–Абыз қарт

алдында отырған төртеуіне алма кезек қадады. –Кәне, сендер бұл туралы не айтасыңдар...

–Меніңше – деп барып Бағжан сенімсіздеу түрде сөзге араласты. –Жаңа жыл белгілі бір күнде келер болса жануарлар оны құзетіп әуреге түспес еді ғой...

– Ал меніңше 12 мүшелді құрайтын жануарлардың бәрі де сол жаңа күнді бірінші болып кезектесе көрді ме деймін. –Хан Абылай әдетінше орнынан тұрды: – Эйтпесе олар мүшел санатында аталмас еді...

–Отыра ғой, балам... сендердің логикалық ой түйініне тәнті болып отырмын. Кәне, ойланыңдаршы жыл он екі айдың әр қайсысында тәулік санының бірдей болмауы жаңа жылдық жас күнін–бас күнін тап басып айтатында күнтізбенің жоқтығының дәлелі емес пе? – Өзі ол солай – деді Абыз-Ата.

Қазір екі түрлі Күнтізбе бар. Бірі–Күндік–Шамси, осы бойынша жыл 365,54 тәуліктен тұрады. Екінші Айлық (Хамари)–есеп бойынша тәулік саны бір жылда 354,36. Осы екеуін қабыстыру үшін 19 жылдық дәуір қажет екен. 19 сан – 12 мүшел мен 7 қат көктің қосындысы ғана емес, Құранның Бас батасын құрайтын әріп саны да. Демек бұл 19 тегін сан емес, әрине...

Осы 19 жылда жұлдыздық (Күн–Шамси) тәулік саны  $365,24 \times 19 = 6939,56$ . Ай (Хамари) есепке келгенде осы 19 он екі мүшелдің және 7 қат көк түрде екіге бөлінеді. Яғни  $19 = 12 + 7$ .

Сонда 12 жыл 12 айдан, қалған 7 жылда бір ай қосылып, 13 айдан алғынады. Сонда екі есеп дәл шығады. Яғни  $354,36 \times 12 + 36 + (354,36 \times 13 \times 7) : 12 = 4252,32 + 29,53 \times 91 = 6939,55$ .

Мұндағы Хамари–Ай тәулігі 29,53; 91–ал–Шамси–Күн сүресінің реттік саны.

Егер осылайша екі есепті қабыстырып алғып, сосьын белгілі бір уақытты бас етіп, яғни одан әрі мұны бірнеше ғасырда бір тексеріп отырса болғаны, күнтізбе дәл болар еді. Афина қаласының (Греция) Метон деген ғалымы солай етті де. Мұны ол Шығыс елінен алғып, өз еліне апарып бір күнді белгілейді. Сол белгіленген күн Ғайсы Пайғамбар туғаннан 432 жылдан соң күнді белгілеп алды. Сөйтіп, Метон әрбір  $108 \times 4 = 432$  жылда бір дәуірге балаған. Бұл  $36 \times 12 = 432$  болып мана айтқан шенбер мүшел санын береді.

Ғылымның көптеген түсініктерін гректерге жапсыра салу әдет әлі де бар: сол «әдетпен» бұл есепті де Батыс елдері Метон дәуірі деп атайды. Ал, расында жаңа жылда күні бүгінге дейін жапондардың ғибадатханаларында соғылған қонырау санын қасиетті 108-ге жеткізу парызы. Ал түркі нәсіліне жататын Туба аңызында адамның 108 сүйегін жинаса өлген адам тіріледі

деген ұғым осы ғибартты санды төрткүл дүниенің көбейгендігін негіз етуі тегін емес. Бұл қазақтың төбедегіні алдыратын 4-еудің түгелдігін мезгейді.

–Сонда Ғайсаның туған күнін жаңа жыл деп мейрамдайтын мирас Метон жылынан бастау алады екен–ау. –Бағжан көкейінде жүрген бір жұмбақтың шешуін тапқандай марқайып қалды.

–Мұсылманның Айлық күнтізбесінің қашан пайда болғандығын білесіндер ме? –Абыз Ата әдепкідей емес, жас достарының өз ойларын еркін айта бастағанына сүйсінді.

–Исламның Хамари күнтізбесі Ғайса Пайғамбардың туған күнінен 622 жыл кейін, Мұхамедтің (ғ.с.) Меккеден Мединаға көшкен сапарында Арабия түбегін басып өтетін ыстық және қоңырсалқын аймақтың шекарасын ал–Саратан (Шаян–Қоян) айында қылп өткен Һижрадан есептелінеді–деп аз кем тоқтады да: –Шырақтарым, сендер мен білсем екен деген талап тұлпарларыңа енді мінбексіндер. Ізденіс кезінде сол Метон дәуірінің алғашқысын–Алтын, одан кейінгі екі дәуірі–Күміс, одан кейінгі үшінші үш дәуірлік мерзімін–Қола заманына еншіленетіндігін, ал қазір  $432 \times 4$ –темір дәуірінің уақыты деген ұғымды да есте ұстандар. Бұл сендердің замандарың, яғни ғылым мен техниканың дамыған ғарышты игеру заманы темірге келіп тірелуі әл–Хадид есебінің бір қыры демекпін.

Ендігі әңгімеміз жыл басына таласатын түйенің де бір кездे мүшелге кіргендігі – мүшел басы болғандығы жайлы.

Қазақтың «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» деген мәтелде мүшел есептің негізін ашатын табиғи шындық жатыр. Оның мағынасы өткен бір заманада түйе де жыл басы болған, кейін ол ауысқан. Қалай... қашан дей келіп Абыз карт қазақ ұлтының аспантанымдығына таңдай қақтыратында хикаятын бастап кетті.

– Ол былай, уақыт есебі алдымен күндіз бен түннің теңелген ноқатынан басталды. Осы ноқат түсінігі кең, әрі терең ғылыми мағынада. Бұны тек қазақ халқына еншілеуге болмайды, оны ежелден көптеген халыққа ортақ мәселе деу керек. Бірақ біздің халықтың түсінігі терең, әрі кең. Жануарлардың жыл басына таласы жәйіл ертегісі басқа халықтардың осы тұрғыдағы ұғымынан дара ерекше екеніне дәлел.

Теңеліс–тоғыс Ноқаты жаңа жыл басы. Сол ноқат өздерің білетін 12 мүшел жұлдыздар тобының қайсысына тұра келсе, сол жұлдыз тобының жануары, сол мүшелдің басы болып саналған. Бірақ бұл белгілі емес талас та осыдан туындаған.

Мәселенің түйіні сол Тенеліс Ноқатының өте баяу түрде, бірақ үнемі ілгері ығыса жылжып орын ауыстырып отыруында.

Жұмыр жерді доп секілді домалақ деп айтуға болмайды, оның аздаған шалыстығы бар. Бұған қоса бір бүйірден Айдың да Жердің айналысын тежейтіндігін білеміз. Осындай әсерден Тенеліс Ноқаты Күн жолының бойында аздап ығыса жылжып отырады. Оның жылжу шапшаңдығы қазіргі ғылымның анықтауы бойынша Күн жолын 25725 жылды бір айналып шығады екен. Бұл деген 12 мүшелдің әр қайсысына 2144 жыл тиесілігін көрсетеді...

-Сонда бұл әрбір мүшелдің осыншама уақыт жыл басылығын сақтайтын мерзімі болғаны ғой! -Бұл жолы да Ерасыл ойын тежей алмады.

-Әлбетте, солай – деді Абыз Атабар зейінімен тыңдап отырған жас достарына риазылығын билдіргендегі сыңайда. – Осы есеп бойынша бұдан көп мың жыл бұрын жыл басының түйе де болғандығына күмәндану қисынсыз. Түйенің аспандағы бейнесі Ай, жердегі бейнесі – Қоян. Басқаша айтқанда Айдың үйі – Қоян. Яғни 1-аспан Ай – он қол білегі оның мүшелдік орны 4-мүшел Қоян. Халқымызда мынандай ұғым бар: Қайырымы болмаған соң Қарынбайдың мындаған түйесін Тәнір қоянға айналдырып жіберіпті-мыс.

-Тышқанның да жыл басылық дәуірі өтіп кеткен ғой сонда – деп Хан-Абылай есептегішін қолына алып ноқаттарын басып жатты.

-Әлбетте – деді Абыз Ата қуана қоштап – Тенеліс Ноқаты қазір Доңызда тұр, яғни 12-мүшелде. Ол Ҳанға қарады: –Доңызben Қоянның арасы бес мүшел, орта есеппен алғанда сол дәуір 10-11 мың жыл бұрын болған ғой, кәне есептеп көрші...

-10700 жыл өткен екен – деді Хан-Абылай көзін есептегіштен алмай.

-Бұл өзі Гун тайпаларының алғашқы хандық құрған дәуірі емес пе. Яғни қазақ атамыз – Тұранның замана көкжиегіне көтерілген кезі ғой бұл! – Абыз қарттың даусы мақтаныш толқыны тербегендегі дірілдеп шықты.

-Айталық «Алаш – Алаш болғалы, Алаша Ҳан болғалы» заманының кезі бұл, немесе бұл «Ат байладым Абаққа» делінетін есептем дәуірдің басталу нышаны!

Қазіргі түркі елінің бір тармағы Хакасия халқының қазіргі орталығы Абакхан атануы сол заман ескерткіші. Бұған мынандай дәлел бар «Абақ» деп ат байлайтын орынды және есептеу шотты айтады қазақ. Сендер Ат деп, Саяқ деп қазақ ертеде 7 қат көкті атағанын білесіндер. Сонда Ат байлау деген – сол Айдың өз орнына, тағанына отыруы, яғни Қоянға орналасуы.

Тенеліс Ноқаты сол кездे Қоянға дәл келіп, жыл басы, Ай басы Қоян-Түйе болған.

-Бәлкім Алаш заманының басты белгісі – уақыт санаудың Абақ есеп шоты түрінде ел арасына тарауы және оттық түрінде жұлдызбен сабактастырылуы әлденені есіне түсіргісі келгендегі Абыз қарт үндемей қалды. Сәлден соң: –Абақ деген сөздің сандық мәні 104 немесе  $52 \times 2 = 26 \times 4$  абжад есебінен темірдің төрт еселігіне келеді. Бұл хамды саны немесе төрт бұрышты желі орны. Арабша бұл түсінік Қоян (Шаян) жұлдызының үстіндегі шоқ жұлдызда сақталған, оны миғлаф деп атайды. Осы атаудың үш сандық мәні көп нәрсені аңғартады... жә, ол туралы тағы бір де тоқталармыз, сол Абақ-миғлаф-ноқат түсінігі кейін Еуропа еліне ауысып оттық-фокус аталаңды. Фокустың атауын алғаш Еуропада пайдаланған Кеплер. Бірақ бұл ұғым мухарақ атауымен одан 600 жылдай бұрын Әл-Фараби бабаларының ойыс айна жасауымен бірге туған ұғым екендігін ұмытпандар. Сол ойыс айнаны алты ғасырды араға салып барып Италия ғалымы Галилей өз телескопында пайдаланды емес пе! Бір өкініштісі Кеплер де, Галилей де мухарақты тапқан Әл-Фараби екендігін айтқан жоқ.

-Ата-деді қолын көтерген Хан Абылай ізетпен орнынан тұрып – Абақ атандырған Қоян Тенеліс Ноқатының болғандығын біз қайдан білдік.

-Алла риза болсын, балам сұрағың өте орынды ... отыра ғой айналайын. –Қандай да болмасын ғылыми тұжырым негізсіз, ал тарихи оқиға дерексіз болмайды... Сендер ерте дүние тарихынан мәдениеті дамыған, Шумер–Вавилион (Бабыл) елін жақсы білесіндер. Сол Шумерліктер өзін Кенгірлікпіз дейтіні және тілдерінде түркі сөздері жиі кездесетіндігі олардың күйдірген қыштағы сына жазуларын тарқатқанда анықталды. Сол сына жазуда, шамамен осыдан 6–7 мың жыл бұрын былай делінген: «Қазір жыл басы Сиыр, оның алдында Барыс болған. Әрбір тенеліс ноқаты 2000 жылдай болды»... –Абыз Ата Хан-Абылайға: Осы себептен тағы бір мүшелге шегінші... Қоянға келесін, солай ма... Демек есептің жобасы түріктің Абақ дәуіріне дәл келіп тұрған жоқ па?!

Тенеліс ноқатын арабша тахул дейді. Оны араб ғұламалары, арасында Әл-Фараби бабаларың да бар дәл өлшеген. Ал, Батыс елдері тенелісті прецессия деп атайды. Ғылымды гректен бастайтын Еуропалықтар әдетіне басып, мұны да грек ғалымы Александриялық Гиппархқа телиді. Бірақ мұны одан көп мың жыл бұрын білгендер астанасын Абақхан еткен ел мен өздерін кенгірліктерміз дейтін –Шумерліктер екендігіне олардың шаруасы жоқ, қалқам...

Біз енді білеміз – деп Абыз қарт жүзін балаларға бұрды – Сөйтіп мүшел есебінде Ай 1-аспаны, оның үй 4-Коян, 4-аспаны Күн, оның үйі 5-Ұлу екендігі. Бір тамашасы сол –дегенде қарттың жүзі құлпырып сала берді: –Осы сандарды Құрандағы сүрелер санатынан табуға болатындығы. Мысалы 54-Ал-Қамар (Ай) –сүресі, егер 5-Ұлу мүшелін 10 кәміл санына қөбейтіп оған 4-Коянды коссақ 54 шығады. Бұл Күннің де, Айдың да өз тағында деген нышан. Егер осыны жұбай санымен есесесек ( $54 \times 2 = 108$ )–хақ саны–молшылық, тілек тілеген 108 барабан саны шығар еді. 108 сүйегін жинап адамды тірілтуге болады деген Туба анызына әкеледі. Дәуір есебінің бәрі осыдан шығады–дей келіп Абыз Ата: – Қазақ қыздарының атын Айкүміс, Алтынай деп неге атайды? –деген сауалына өзі жауап берді, – Әрине бұл қазақтың аспандық және мағадандық (металлдық) негізін білгендігінде –деп түйді Абыз ойын.

7 қат көктің өзіне меншіктелген металдары да бар: Айдікі–күміс, Шолпандікі–мыс, Айқыздікі–санап, Күндікі–алтын, Арайдікі–темір, Шонайдікі–қалайы, Санжардікі–қорғасын. Осы металдардың атомдық салмағы және электрон сандарына қарай олардың санаттық мәндерін Құран сүрелерінің реттік сандарымен сабактастығын ашу АБЖД есебіне әкеледі. Білгілерін келсе оны кейінгі кездескенде әнгіме арқауына айналдырамыз. Алдымен мүшелдік мұрамызды түйіндеп көрейік.

Тұран мәдениеті–мүшел есебі ертеде Шумер арқылы Азияға жайылса, екінші жағынан Африкаға: Мысыр–Египет еліне тараған. Қоланы қолдануды–да, алты шабақты арба жасауды да олар Тұраннан алған (арбаны ертеде алған ғұндар жасаған).

Бір тамашасы–Тұранның мүшел есебі–уақыт есебі Жердің арғы бетіндегі–Американың ежелгі халқында да бар екені анықталды.

Мұны орталық Америка–Мексикадағы Юкотон түбегінің тұрғындары Мая атты халқының уақыт есептеуші жылнамасын зерттеуден алынған мағлұматтар дәлелдейді. Мысал келтіреін:

Бір тамашасы сол–маялықтар жаңа жыл басын Паш Күн, яғни жаңа (жас) дейтіндігі. Біздегі жыл басы Наурыз деген ұғым, бұл сөздің ертедегі Тұран нұсқасы Маяларда сақталған сияқты. Ол ғажап емес. Өйткені олар бұғінгі қазақ жерінің тұрғыны болған. Мұз дәуірінде олар аңшылықпен бел асып кеткен. Оларды біз Тұран жерінен барған халықтың әuletі деуіміз керек. Себебі ол кезде қазіргі Чукотка Аляска мен құрлық арқылы жалғасып жатқан. Беренг үғазы кейін пайда болған.

Мая күнтізбесінің қайсыбір есептері терең ғылыми негізге құрылған. Мысалы оларда жыл есебін үш саламен жүргізілген: Бірі – 260 күндік, екіншісі – 360 күндік, үшіншісі – 365 күндік.

Олардың 260 күндік жылы «Цолкун» деп қасиетті атаумен аталған. Мұнда 13 апталық (мүшелдік) 20 ай бар деп есептелген ( $13 \times 20 = 260$  күн).

Жиырма күндік айларды олар «Виналь» деп атаған. Екінші жағынан осы сөз «адам» мағанасында айтылады екен. Сонда адамның екі қолы мен екі аяғындағы саусақтары мен бағайлары 20-ны құрайды емес пе? Бұл арада саусақтармен Айды қатар алу, әлгінде өздерін суретке түсіріп алған он саусаққа 12 мүшелді сидыруды мензейді ғой–деп Абыз Ата ерекше рақат сезімін кешкендей күйге енді. –Егер біз «Виналды» –Ай жиырма адам, он қол деп оқыр болсақ «Айың туын оныңан» деген батаға, қасиетті жыл үрдісінен шығатынымызға күмәнданбаймыз. Осыдан Цолкун–таң Шолпана мағынасында жыл басы–паш–құн жыл деген жорамалға да жол ашилатындаі.

Екінші ғалами санға байланысты 360 тәуліктік күнтізбе бізге де ортақ, шенберлік есеп. Ал, 365 күндік күнтізбені олар хааб жылы дейді. Бұның жұлдыздық–(Күндік–Шамси) жылдың тәулік саны екенін сендер де білесіндер, маялар да жақсы білген. Тек бұл емес, олар бұған қосылатын 5 күнге ( $365 = 360 + 5$ ) ерекше ат беріп, есепке кіргізген. Мұның аты «Вайб хааб», яғни жыл белгісі. Ол: «Ишма қабы күн»–аты жок күн деген түсінік. Оның мағынасы бүтін сан беске қосымша бөлшек тәулік есебін кірпізгендігі. Егер Шамси жыл 365,24 тәулік болса, маялар сол бөлікті де тауып бес күнді–5,24 түрде қосатын болған. Бұл сол кездегі ең алдыңғы қатарлы есептеу түрі еді....

Қазақта осымен мағыналас ұғым бар. Мысалы олар: «Бес қонақ», «пешене», «аты жоқ» деген атаулар. Егер Маялардың да өз жылын біз сияқты төрт маусымға бөлетіндігі және оның бірінің бас айы біздің мүшелдегі Барысқа туystас жануар ягуармен атау да таң қалдырады.

Тағы бір ойланатын нәрсе, маялардың жиырма есебін нөлден бастап жазатындығы: Яғни 0, 1, 2, ..... , 19. Бұл олардың сан санатына нөлді қосып, 19 санын даралайтындығы. Бұл да төп емес. Егер жер рәмізі–текшені бір төбесінен қадар болсақ оның көзге көрінетін 19 мүшесін көрер едік, ал мұндайда қалған, «20»–дан басталар 6 мүшесі көзден таса қалады. Егер Құрандағы «Бәрінің үстінде 19» деген аятты және 19 әріптен тұратын Бас батаны еске алсақ және еуропа елінің нөлді санатқа қосуға үйреткен Әл-Хорезмиді еске алсақ маялардың нөлдік санатты,

өзіміздің «он бір қара» жұмбағымен сабактаса жатқандығын байқау қынға соқпайды. Енді, бәрін өзіне меншіктегісі келетін Еуропа елінің нөлдік санатты айыруға өресі жетпегеніне қалайша таңданбай тұра аларсың. Сөйткен Еуропаның бәрі бізден дейтінін қайтерсін... Тенеліс тектілігінің төмендігі ғой ол.

-Тағы бір есте сақтар зат-деп Абыз Ата тыңдаушыларын жалықтырып алдым ба дегендегі балалар назарын өзіне аударды: -Маялар есептеп шығарған жыл басын халыққа паш етіп отырған. Бәлкім барабан соққан болар. Ал, біз 21-22 Наурызыдағы Күн теңелісін Ұлыстың Ұлы күні деп дәріптеп паш етеміз ғой. 108 мәрте барабан соғатын-Шығыс елінің ғұрпында бар. Оны Маялар да ұмытпаған сыңайлышы... Жаңа жылдың бірінші күнін паш деп атауы осыдан болар...

Мая деген сөздің өзі біздің «Желмая», «Маябоз» мағынасына жақын, сонымен қатар бұл «Үркөр», «Абақ» ұғымымен де сабактас келеді.

Егер Маялар жыл басын Ай басын-Адам мағанасында қараса осы түсінік қазақтың аныз ертегілерінде де кездеседі емес пе?

Аспандық астары бар аныз әңгімелер халқымызда көп-ақ. Мен бұл жерде тек олардың аттарын атап, жұлдыздық мазмұндарын еске саламын, одан әрі қарай оқып, ойға тоқу сендердің сыбағаларын, шырақтарым. Бірақ естерінде болсын, Тұран елі ешқашанда Тәнірінің бар екендігіне, бірлігіне шұбәланбаған. Керісінше басқа елдерде, мысалы еуропалықтар жұлдызды Құдай санап шатасқан-ды, оған Гректердің Гомер жыры мысал.

Тұран елінің аспандық анызын әйгілі Өгізхан ертегісінен айқын көруге болады. Бірден айтایын, бұл мүшелдік Сиыр жұлдыз тобының көркем адебиеттегі бейнесі. Бұл арабтардың Сәуір айына дәл келеді (Саур-Бұқа дегенді білдіреді).

Сиырдың бас жұлдызы Ал-де Барап-көз мағанасында. Ең тамашасы оның жүрек түсінде бір шоқ жұлдыз бар. Ол-Үркөр, бұл мына өздерің шешкен жұмбақтағы 6 қайың. Осы Үркөр мен жаңа туған Айдың кездесуі-тоғысуы-жаңа жыл басы, есеп басы, уақыт өлшемі. Өгіздің хан аталуы-сол жыл басынан қалған ескерткіш, оның аспаннан түскен әйелі Күнсұлудан Айхан, Күнхан, Жұлдызхан Зұлы болуы, ал жер сұлуынан туған Қекхан, Таухан, Тенізхан үш ұлының болуы мүшел есебін, жұлдыз есебін көрсетіп түрған жоқ па? Оған аспаннан алтын садақ-жақ және үш күміс оқ-жебе түсүі-бәрі бәрі Күннің жолы әлем шенберінің- 360 қадамдық өлшемдік нышанын аңғартады. Себебі Күн металы – алтын, Ай металы-Күміс. Оның Үркөрмен кездесуі-жыл басы, көбінесе ол 9-айдың үш жаңасында болады. Осы бойынша

Наурыздың екінші аты үш тоғыс (үш оқ) айы делинеді.

Сиырды жыл басы деп құрметтеу бізден басқа көп халықта кездесетіні де белгілі. Мысалы ол Апис-Мысырдың (Египет) әулие өгізі. Мұны гректер қабылдап әлпеттеген. Оны Ай әулиесі Ио мен Зевстен туған деп санаған. Егер Ио-ны керісінше-арабша оқысаң «Ой» немесе Ай шығар деді. Бұл 6-аспанның қожасы Зевс Шоңай-Мұштари, латынша – Юпитер, Шумерше-Мардук болып шығады. Бұдан басқа Иран аңызында Күн әулиесі Митра алтын қанжармен құрбандыққа шалған өгіз қанынан жердегі өмір өркендейді-міс.

Ал қойдың жылбасы болуы екі түрлі есепке әкеп соғады. Мұның берісі Тышқанның жыл басы болу мағынасында. Өйткені арабтар Тышқан жылын – Хамал-Қозы деп атайды. Мөлшермен алғанда бұл 2500 жылдай бұрын «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының шыққан кезі және бұл кезең қос қошқар мүйізді тәжі киген Александр Македонскийдің заманымен тұспа тұс келеді. Қос мүйізді мүшел жануарын Көк қошқарының мүйізі салынған патша тәжінің жасалуы тегін емес. Сол Қой заманына орай Қозы-Көрпештегі Күннен бергі үш көкті іздейікші: Баян-Ай, Таңсық (Таңшық)-Шолпан, Қызай-Айқыз. Бұлар Күннен арғы Арайдан 5-көк үйі Хамалды-Қозыны іздейді. Баянның досы Айбас бақа айғырға мініп, жаңа айдың басын іздейді. Шығыс елінде Айды Қояннан басқа тағы бір жануары шабан тасбақаға – өлараға балаған. Мысалы Қытайда сақталған Ай жануары тасбақаның таңбасы – жазуы бар.

Екінші болжам. Егер қазақша мүшел басы Қой деп, әлгінде келтірген Шумер дерегіне жүгінсек Қой 8 мүшелге келер еді: бұл  $2144*8,5=18000$  жыл бұрын. Яғни бұл соңғы мұзбасу дәүірінің аяқ кезі, яғни жануарлардың барлық түрін кемеге салып, топан судан аман алып қалған Нұх пайғамбар заманына келеді. «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған» аңызындағы кеме жанында үйиқтап қалған қозы өсіп Қошқар Атаға айналады емес пе. Бұл Қой мүшел басы болған 20 мың жылдық дәuletімізді сездіреді. Бұл анау, Хан Абылай түсіріп алған шенберің 8-мүшелі -Қойдың арабша ай аты жұлдыз аты-Ғақраб-Бүйі-ортанғы саусаққа келеді. Бұл түнгі мүшел жұлдыз тұғыры. Ал күндізгі он жақтағы ортанғы саусақ 1-мүшел жыл басы Тышқан, арабша-Хамал-Қозы-Тоқты-дейді мұны. Ол Қазығұртта үйиқтап қалып, кейін Шопан ата аталған сол қозы. Яғни екі ортанғы саусақ екі Қой (Қошқар-Саулық), олардың аспаны Арай (Марих), тегі-темір -(хадид).

Біздін халқымыз бүйіні не деуші еді-деп Абыз карт баға іарға қарағы - Каракұрт демеуші ме еді. Сол каракұртқа кой өш келеді, іздең жүріп жейді, семрең, каракұрт койцан қорқады солай емес пе? Каракұрт бар жерге келіп қонғанда кілдін үстіне жату керек дейді халық ұтымында. Ал бүйі шаға қалса: «Кошақаным қозы келді, керепнін өзі келді» деп Кой жұлдызын шақырып ем-домын жасау себебі де осыдан - деп барып Абыз Ата әнгімесін тәмамдағандай сынаи таңытты: - Табиғаттың төрт кезеңіне арналған хікайяның бірі «Алыптар» туралы ертегі. Соныңдерін талдаң көріңдерші.

- Ата, менін бір саудам бар еді... - деді манадан бері қанша оқталса да жүрексініп отырған Корлан қолын көтеріп. - Сіз күн мен түн тенелісін жана жыл басы дедіңз, егер бір жыл ішінде ондаи тенеліс екі рет болса ше? - дей бергенде сөзін Абыз Ата жалғап әкетті. Бізде неге жана жыл басы Наурыз демесін ғой, - Байқасандар екінші, күздең тенеліс карсанында: төл өседі, епін орылады, шөп шабылып жиналады, жұрт сабан тойын жасап жатады, сендер мектепке келіп оқуларыңыз бастап мәре-сәре болып жатасыңдар. Бұл да тенеліс әкелетін шадыман сабан той шаттығы. Ал Наурыздың жана жылдың қуанышына даралай арналуы себебі неде, кәне қайсысын айтасыңдар?...

- Менінше, -деді мұңцаңда тез жауап беруге машиқтанған Ерасыл-Күн жылышы, әрі үзаралы... - және деп қостады Бағжан оны - Жер көктеп құлпырады.

- Құзде көрінше шөп сарғайып қурай бастайды, күн сұтып ағаш жапырактары түседі көктемде ағаштар қайта түлейді - деп қостады Хан-Абылай - Өсімдіктер тіршіліп басталады...

- Бәрін де дұрыс айттыңдар. Осынын бәрі Наурызда Самарканың көк тасы жібілі деген ұғымға әкеп соғады. Өсімдіктің көктеп шығытасы жарып шығу құбылысы емес пе?! Бұл тастың жібуі. Себебі сонау ықылым заманда жер бетін тас қабаты алып жаткан. Жел мен сұдан, ыстық пен сұқытын әсерінен тас бұзылып топыракқа айналған. Топыракқа өскен өсімдік жыл сайын курап оны тынайтып отырған. Күн жылып өсімдіктердің өсіт, жан-жануарлардың дені қыскы ұйқысынан оянып тіріліп тіршілік етуі - әлемге жан біткендей жылдықтың басталуы, әрине жанғыру, жаңалану - жаңаның жана жылдың нышаны... Міне Наурыздың жана өмірдің - жана жыл басы болуы осыдан...

Абыз Атамен кездескелі осы төртеудің де өздерін коршаған ортаға деген көзкарасы түбірімен өзгерген сияқты. Тұнсайынолар кайтадайта жұлдызды аспанға қарайды. Үлкендердің сөзіне күлак түрелі. Эпох-жырларды, ертегілерді

оки жүріп, одан астрономиялық деректер ізлейді. Бірде Хан-Абылайдың «Қобыланцы» жырын оқып отырып Таібұрыңдың шабысын жерлеген «Табан жолмен тартысып, ұшқан құспен жарысып» деген жолдарын жаттап ады, ертесіне достарына айтты, «Егер ан; таб-ан астан болса, бұл оның Құс жолындағы ғарыштық шабысын көрсетеді» деп түйді ойын ол.

- Осы Құс жолы біздің ғарышымыз-галактикамыз емес пе? - деп Бағжан көптен өзін толғандырып жүрген ойын ортаға салды. Сонда бұл бұқыл әлемді алып жатқан жұлдыздар шоғырының - тұмандықтардың бірі ғана. Ғаламы әлем қандай кен десенші!

- Ғалам... ғалам... оданда Құс жолының бір түкпірінде Темір Қазықты айналып жүретін Күн жүйесін айтсайшы. Қазір біз Балық-Хұт жұлдызымен тұспа-тұс келген Доңыз мүшеліңде екенбіз - деп Ерасыл бұқыл әлемді қамтығыс келгендей екі қолын бірдей көтеріп: - Ені екі мын жылдан сон Тышқан дәүіріне қайта келеміз. Сонда...

- Дауір емес, дұрысы мүшел ғой - деп оны Бағжан түзеп койцы.

-Мейілі, солай-ак болсын, менің айтпагым-деп Ерасыл сөзін пысықтады, сонда табиғатта өзгеріс болады ма? Міне, мәселе... қайда.

- Әрине болады ... әжем айтқан-деп манадан үнсіз отырған Корлан сөзге араласты. - Тастебеге көтерілгенде қысты-сұқты әкелетін Үркерді бір кезде жылдың тұяғымен басып тұрған екен. Бір де Сиыр жылқыға жаны ашып, «Маған бер еңі мен басып тұрайын» - деп кезекке тұрғанда Үркер оның бақайының арасынан шығып кетіп-міс. Сонан бері қыс болатын болған, бұл жылдың мүшеліңде үнемі жаз болып тұрғандығы, кейін Сиыр мүшел болғанда табиғаттың өзгергеніл.

- Мені таңданыратыны - деді орнай қалған үнсіздікті бұзған Хан-Абылай кітап сөресіне үйлі койған Абыз Атандың мүшел шенберінің ішіндегі екі қол алақанынан жоғарырақ тұрған белгіні нұскап. - Мынау Темір Қазықты Күн жүйесі 25 мын жылда бір айналып шығады екен... Жиырма бес жыл емес қой ол... мындаған жылға созылатын құбылыс қой бұл. Сонда оны қалай быген?!

- Мәселенің өзі осында - Манадан бері немересі Хан-Абылай достарының сөзіне араласпай сырттай бақалап тұрған Шәкірт Ата олардың касына келді:

- Мүшелдік есеп - Жер мен Қөті жалғастыруыш жұлдызылық есеп. Егер ғылым аспантанымнан бастау алады десек, бұл қазак атамның басқалармен Тенеліс белгісі болмак. Абыз Аталарың сендерге тектіліктің Темір Қазығын қадайтын болыңдар! - деп батасын да береді.